

#30-31

(1005-1006)

25 қазан

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



25

ҚАЗАН

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ

ЕҢСЕСІ БИІК!



▼ BRENT \$75.80

▼ USD 486 T

▼ EUR 525 T

▼ RUB 5.02 T

«БІР-БІРІМІЗГЕ ТІЛЕКТЕС БОЛАЙЫҚ, ӨЗАРА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАЙЫҚ, ҚАДІРЛЕЙІК. КЕЗ КЕЛГЕН ҚИЫНДЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРЫП, ЕЛ ҮШІН, ЖЕР ҮШІН БІРГЕ ЕҢБЕК ЕТЕЙІК. ХАЛҚЫ – БІРТҰТАС, БОЛАШАҒЫ – ЖАРҚЫН ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ». ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКЕН САЛТАНАТТЫ ЖИ ЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТЫНЫШТЫҚ – БІЗДІҢ ЕҢ ҚҰНДЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Мемлекет басшысы ел-жұртты ұлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қаққан күн екенін атап көрсетті. Еліміздің Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді қасиетті Тәуелсіздігіміздің бастауына балады. Мемлекет басшысы болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынына назар аударып, өмір болған соң түрлі қиындық та кездесетініне тоқталды.

«Еліміз таңдаған даму жолынан ешқашан айнамайды. Мұны биылғы табиғи апат кезінде тағы да дәлелдедік. Алапат тасқын, шын мәнінде, еліміз үшін зор сынақ болды. Қаншама елді мекенді қарғын су басты. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Мыңдаған адам баспанасыз қалды, мал-мүлкін жоғалтты. Күрделі сәтте менің халыққа арнайы үндеу жариялағанымды білесіздер. Онда бір де бір адам ескерусіз қалмайтынын нақты айттым. Мемлекет сол уәдесін орындады. Қысқа мерзім ішінде 2700-ге жуық үй салынды. Баспанасын қалпына келтіру үшін 9 мыңнан астам отбасына өтемақы берілді. Сондай-ақ 6 мыңға жуық үй сатып алынды. Жаздан бері мыңдаған отбасы қоныс тойын тойлады. Мемлекет бүлінген инфрақұрылымның көпшілігін аз уақытта қалпына келтірді», – деді Президент.

Мемлекет басшысы жетістіктің берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтан бастау алатынын айта келе: «Бұл – ұйысқан ұлт,



Фото: akorda.kz

мықты мемлекет болудың басты кепілі. Елде тұрақтылық болмаса, ешқандай даму болмайтынын қазір әлемде болып жатқан оқиғалардан анық аңғаруға болады. Өкінішке қарай, көптеген елдер алауыздық пен түрлі жанжалдың кесірінен тоқырауға ұшырап отыр. «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат. Біз елімізде жан-жақты реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – ең алдымен, халқымыздың тұтастығы мен бірлігінің арқасы. Себебі біз таңдаған жол – өркендеу мен даму жолы. Бүгінде оның жемісін барша азаматтарымыз көруде», – деді.

Қазақстан ұлттық мүддеге негізделген теңгерімді, конструктивті сыртқы саясат жүргізеді. «Біз осындай жағдайдың өзінде тұрақтылық пен келісім мекені болып қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Бейбітшілік пен тыныштық – біздің ең құнды байлығымыз, оны аялап,

көздің қарашығындай сақтауымыз керек», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайтынын, ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек екенін атап көрсетті. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ. Мемлекет басшысы: «Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күнінде біз

Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегін атап өтуге тиіспіз. Оның қазіргі Қазақ мемлекетін құру ісінде шешуші тарихи рөл атқарғанын міндетті түрде айтуымыз қажет. Ел үшін жасалған қызмет ешқашан ұмытылмауы керек, ел жадында сақталуы тиіс. Бұл – еліміздің болашағы үшін өте маңызды. «Жақсының жақсылығын айт» деген халқымыз. Бүгінгі тарихқа әділ баға берілуі үшін кешегі тарих әділ бағалануға тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, еліміздің жетістіктері барша халқымыздың ортақ табысы екенін айтты. Ұлық мейрам – Республика күніне орай елімізді дамытуға орасан зор үлес қосып жүрген бір топ азаматқа жоғары наградаларды және Мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде табыстады.

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛІМІЗДЕ ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ АЯҚТАЛДЫ. БИЫЛҒЫ НӘТИЖЕ ЖАМАН ЕМЕС – 26,5 МЛН ТОННА АСТЫҚ ЖИНАЛДЫ. ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА ЖИЫН-ТЕРІМ НАУҚАНЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРГЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРІ АЙДАРБЕК САПАРОВ ЖОҒАРЫ ӨНІМДІЛІКке АУА-РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙЛЫ БОЛУЫ, АГРОТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДҰРЫС ҚОЛДАНУ, ЯҒНИ САПАЛЫ ТҰҚЫМДАР МЕН МИНЕРАЛДЫҚ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ӨСІМДІКТЕРДІ ТИІМДІ ҚОРҒАУ АРҚЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕНІН АТАП ӨТТІ.

Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 23,3 млн гектардан жиналды. Оның ішінде 16,7 млн гектар – дәнді және бұршақ дақылдары үлесінде. 26,5 млн тонна астық бастырылды.

Орташа өнімділік гектарына 16 центнерді құрап, өткен жылғы көрсеткіштен асып түсті. Астық егетін өңірлердің ішінде Солтүстік Қазақстан облысында көш бастап тұр (18,6 ц/га). Оңтүстік өңірлерде өнімділік бойынша жоғары көрсеткіштер - Қызылорда, Түркістан және Жетісу облыстарында.

Ал астық тасымалдау қарқыны жыл соңына дейін айына 1,2-1,3 млн тонна деңгейінде қалады. Орталық Азия елдерінің дәстүрлі бағыттарында тасымал 28 пайызға өскен. Ақтау порты арқылы Иранға жөнелтілімдер қайта басталып, қыркүйек айында 140 мың тоннаны құраған.

Үкімет отырысында сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев еліміздің астық экспорты бойынша әлеуетіне тоқталды. Ол Қазақстанның астық бойынша экспорттық әлеуеті 12 млн тоннаға бағаланатынын айтты. Оның 7,5 млн тоннасы бидайға, 1,4 млн тоннасы арпаға, 300 мың тоннасы жүгеріге тиесілі. Майлы дақылдар бойынша әлеует 1 млн тоннадан асады деп бағаланады.

«Қазақстан Орталық Азия мен Ауғанстан елдерінің нарықтарына астық жеткізуді жалғастырады, бұл шамамен 4,2 млн тонна. Қытайға астық экспорты 2023 жылы 1,43 млн тоннаны құрап, жылына 5,5 есе өсім көрсетті», – деді Қайрат Төребаев.

Вице-министр Қытайға бидай экспорты айтарлықтай артып,

былтыр 538,8 мың тоннаға жеткенін атап өтті: «Бұл Қытай мен Азия елдеріне 1,6 млн тоннаға дейін бидай жеткізу мүмкіндігін көрсетеді. Қытай органдарының талаптарына байланысты шекарада кідіріс

және логистика мәселелері пысықталады. Қазақстандық бидай брендин Пәкістан, Индонезия, Бразилия, Малайзия сияқты жаңа нарықтарда ілгерілету жөніндегі жұмыс жандандырылады, онда импорттың өсуі болжанады», – деді Қайрат Төребаев.

Премьер-министр Олжас Бектенов ауыл шаруашылығы министрлігіне облыс әкімдіктерімен бірлесіп, жиналған астықты шашпай-төкпей дер кезінде тасымалдауды, оны кептіріп, элеваторларға жеткізу жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды. Барлық астық қабылдау кәсіпорындары үздіксіз жұмыс режиміне көшуі керек. Сондай-ақ фитосанитариялық қызмет астық

АСТЫҚ ПЕН ТАСЫМАЛ КӨБЕЙСІН!



мәселесін, сондай-ақ Қытайдағы қазақстандық астық импортына лицензиялар мен квоталар сияқты күрделі шарттарды пысықтау маңызды».

Жаһандық сұраныстың артуы және бірқатар елде өнімділіктің төмендеуі жағдайында Италия, Латвия, Испания сияқты Еуропалық Одақ елдерінің нарығы тартымды болып отыр. Түркия мен Таяу Шығыс елдеріне бидай экспортының әлеуеті 1 млн тоннаға жуық.

«Иран нарығына жеткізілімдерді қалпына келтіру маңызды, арпа бойынша біз қазір динамиканы көріп отырмыз, сауданы қаржыландыру

сапасына қатаң бақылау жасауы тиіс.

Үкімет басшысы егін орағын уақтылы аяқтағаны үшін диқандарға алғыс білдірді: «Мемлекет басшысы атап өткендей, еңбек адамы – елдің байлығы. Астықты алқаптың дәні диқанның қажырлы еңбегімен, маңдай терімен өседі. Сондықтан еңбектеріңіз жана берсін. Баршаңызға амандық-саулық пен сәттілік тілеймін».

Jas Qazaq
Үкіметтің баспасөз
қызметі материалдары
негізінде әзірленді

«АСЫҚПАҒАН АРБАМЕН ҚОЯН АЛАДЫ» ДЕП ЖҰБАТАДЫ ҚАЗАҚ.
 «АСЫҚҚАН – ШАЙТАННЫҢ ІСІ» ДЕГЕН ДЕП САБАҒА ТҮСІРЕДІ.
 БҮГІНГІ КҮНІ ЖОЛ ЖҮРУ ТӘРТІБІН ҚАДАҒАЛАЙТЫН SERGEK ЖҮЙЕСІ ДЕ БАБАЛАР
 ДАНАЛЫҒЫН РАСТАЙ ТҮСЕДІ. ЖУЫРДА ОСЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ КЕТІП БАРА ЖАТҚАН
 КӨЛІКТЕРДІҢ АЛТЫ-АРТЫНА ТҮСІП, УАҚЫТ ҰТҚЫСЫ КЕЛЕТІН ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ҚАНША
 УАҚЫТ ҮНЕМДЕЙТІНІН АНЫҚТАДЫ.

42 СЕКУНД



Сурет: Галия ҚАЛИЕВА



SERGEK ТАЛДАУШЫЛАРЫ АЛМАТЫДАҒЫ
16,5 ШАҚЫРЫМҒА СОЗЫЛЫП ЖАТҚАН
 ӘЛ ФАРАБИ ДАҒҒЫЛЫНДАҒЫ КӨЛІК
 ҚОЗҒАЛЫСЫН БІР АПТА БАҚЫЛАДЫ.

ОНЫҢ ҮШТЕН БІРІ (СОНЫҢ
 ІШІНДЕ **6000** ТАКСИ)
 «ТҮЗУ ЖҮРГЕНДІ» ТӘУІР
 КӨРМЕГЕН.



КӨЛІК АҒЫНЫНДА БІРНеше РЕТ ОҢҒА-СОЛҒА
 ИРЕЛЕҢДЕП, БАСҚАЛАРДЫҢ ЗЫҚЫСЫН ШЫҒАРҒАН.

СОНДАҒЫ ҰТҚАН УАҚЫТЫ – **42 СЕКУНД**.



ОСЫ МЕРЗІМ
 ІШІНДЕ ӘЛ ФАРАБИ
 ДАҒҒЫЛЫ АРҚЫЛЫ
66 МЫҢ
 АВТОКӨЛІК ЖҮРІП
 ӨТКЕН.



50 КМ/С
 ЖЫЛДАМДЫҚПЕН
 КЕЛЕ ЖАТЫП, КЕНЕТТЕН **65** КМ/С
 ДЕЙІН АРТТЫРҒАН.



ӨЗІНІҢ ДЕ, ӨЗГЕНІҢ ДЕ ӨМІРІН ҚАТЕРГЕ ТІГУЕ ТҰРА МА ОСЫ СЕКУНДАТАР?

АСТАНАДА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗДЕРІНДЕ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН «SAQ-2024» БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ. ЖОБАНЫ «ШЕВРОН» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН CARAVAN OF KNOWLEDGE КҚ МЕН ҰЛТТЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЕЛІСІ ӘЗІРЛЕП, ІСКЕ АСЫРУДА. ЖОБАНЫҢ СЕРІКТЕСТЕРІ – ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ.

Оқу-ағарту министрлігі төтенше жағдайларда адамдардың қауіпсіздігі мәселесінің өзектігін ескере отырып, төтенше жағдайдың алдын алу және оның барысында әрекет ету саласындағы білім мен дағдыларды арттыруға бағытталған мұғалімдерді оқыту бастамаларыңызды қолдайтынын, «SAQ-2024» жобасын мақұлдап, оны қолдауға дайын екенін мәлімдеді.

Жобада Абай, Атырау және Қостанай облысынан 18 мұғалім қатысады, олар болашақта SAQ қауіпсіздік офицерлері болып, өз мектептерінің оқушылары мен мұғалімдерінің қауіпсіз мінез-құлық бойынша білімдерін кәсіби түрде арттырып, қауіп-қатерлердің алдын алып, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар барысында игерген дағдыларды іске асыруға дайындайды. Қазақстанның барлық аймақтарындағы жалпы білім беру мектептерінің 200 педагогі онлайн форматта оқып жатыр.

Жоба аясында 2024 жылғы қазанның 8 мен 11 аралығында онлайн және офлайн форматтарда мұғалімдерге арналған сертификатталған тренерлік бағдарлама өтті. Семей қаласының



«SAQ-2024»: МҰҒАЛІМДІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ДАЙЫНДАЙДЫ



мұғалімі Кітапбаева Нұргүл: «Қазіргі заманда қауіпсіздік бірінші орында, төтенше жағдайдың алдын алу жобасы аясында алған біліміміз өте құнды әрі маңызды болды. Жобаның бізге берген тың білімі: төтенше жағдайлардың түрлері, оларға дайындық, алғашқы көмек көрсету әдістері және қауіпті жағдайларда әрекет ету бойынша көптеген пайдалы ақпарат алдық.

Мұндай жобаның маңызы өте зор, себебі қазіргі уақытта әрбір мұғалім мен оқушы осындай жағдайларға дайын болуы қажет. Жобада талқыланған тақырыптар күнделікті өмірде орын алуы мүмкін, сондықтан да бұл білімдерді оқу процесіне енгізу аса маңызды», – дейді.

«SAQ-2024» жобасы оқытудың инновациялық компоненттерін енгізумен қатар білім беру бағдарламасында сертификаттық құрамының бар болуымен

ерекшеленеді. Заманауи цифрлық технологияларды, ынталандыру жаттығулары мен ойындарды пайдалану оқушылар мен мұғалімдерге материалды жақсырақ түсініп, игеруге, сонымен қатар төтенше жағдай кезінде әрекет ету дағдыларын іс жүзінде жүйелі түрде ұйымдастырылатын оқуда бекітуге көмектеседі. Осының бәрі әдеттен

тыс жағдайлардың кері әсерінің алдын алуға және төтенше жағдайға дайын педагогтар мен оқушылар қауымдастығын құруға, білім беру мекемелерінде қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті мен менталитетін әзірлеуді қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жобаға қатысушыларға STEM компонентін пайдалана отырып, жоба тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік кешенін дамытуға грант беру жобасына қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

2025 жылғы наурызда жобаның серіктес мектептері табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайға оқушылар мен мұғалімдерінің әрекет ету алгоритмдерін және іс жүзінде дайын екенін көрсете алатын республикалық оқу өткізу жоспарланады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

ҚАЗІРГІ АҚПАРАТ ТАСҚЫНЫНДА САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА – ТЕРЕҢ ОЙ МЕН ЖАН-ЖАҚТЫ БІЛІМДІ ТАЛАП ЕТЕТІН ЕРЕКШЕ БАҒЫТ. БҰЛ ДЕГЕНІМІЗ ТЕК ЖАҢАЛЫҚТЫ ЖЕТКІЗІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ӘРБІР ОҚИҒАНЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫН АШЫП, КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАПАЙЫМ ТІЛМЕН ТҮСІНДІРЕ ОТЫРЫП, ҚОҒАМНЫҢ ОЙ-САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘРДЕМШІ. ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ҒЫЛЫМ, ЭКОНОМИКА МЕН ЗАҢ, МЕДИЦИНА МЕН ЭКОЛОГИЯ СИЯҚТЫ САЛАЛАРДА ТЕРЕҢ БІЛІМГЕ СҮЙЕНГЕН САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР – УАҚЫТТЫҢ АҚИҚАТЫН ҰСТАНЫП, ШЫНДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ БОЛА АЛАДЫ. ОСЫ РЕТТЕ ДӘЛ СОЛ БАҒЫТТЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН «ЗАҢ ГАЗЕТІНІҢ» БАС РЕДАКТОРЫ АЙНҰР СЕМБАЕВАМЕН СҰХБАТТАСЫП ЕДІК. МҰНДА САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ МАҒЫЗЫ, БҮГІНГІ ХӘЛІ МЕН БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ ОЙ ТЕРБЕДІК.



АЙНҰР СЕМБАЕВА:

«ЗАҢ ГАЗЕТІНІҢ» ОҚЫРМАНЫ АЗАЙҒАН ЖОҚ

– Салалық басылымдар туралы айтқанда көбіне «Заң газеті» еске түседі. Биыл отыз жылдығын атап өткелі отырған құқықтық басылымның ақпарат саласындағы орны қандай?

– Тәуелсіздікке енді қол жеткен елең-алаң шақта ақпарат айдынында көптеген жаңа

басылымдар пайда болды. Өз қабілетін нарықтық заманда сынап көргісі келген талай білікті журналист жеке газет-журнал ашып, бәсекелестікті қыздыра түсті. Саржағал басылымдардың да көбейгені осы кез. Журналистердің бір шоғыры қоғамдық-саяси мәселені сөз етіп, енді бірі отбасы тақырыбын

талғажау еткен сындарлы шақта азаматтардың құқықтық сауатын көтеруге, заңдық білімін арттыруға жете мән берілмеді. Мемлекет басшысының арнайы шақыруымен елге келіп, туған жеріне алғаусыз қызмет еткен заңгер-реформатор Нағашыбай Шәйкеновтің әділет министрі болғаннан кейінгі алғашқы тапсырмасының құқықтық басалымдар ашуға қатысты берілуі де осы қоғамдық қажеттіліктің маңыздылығын түсінумен тікелей байланысты болса керек. Осылайша 1994 жылдың 4 қарашасында «Заң газеті» мен «Юридическая газета» жарыққа шығып, құқықтық тақырыптағы түсіндірулерге зәру болып отырған оқырманға жол

«Заң газетінің» таралымы 80 мыңнан асты. Бұл – Шәйкенов жобасына көпшілік тарапынан берілген лайықты баға десек, қателеспейміз. Әрі бұл жаңа газеттің концепциясын дұрыс жасап, ұжымға білікті кадрларды жинай білген, басылым жұмысын сауатты үйлестіре алған ардагер журналист Марат Тоқашбаев ағамыздың тынымсыз ізденісі мен ерен еңбегінің жемісі десек қателеспейміз. «Заң газетінің» отыз жылдан бері бағытынан жаңылмай, бағдарынан адаспай келе жатқаны – осы алғашқы тұжырымдаманың дұрыс түзіліп, алғашқы журналистік құрамның жұмысты бір жүйеге түсіріп кеткенінің арқасы дер едім.

шығып қана қоймай, ең көп таралымды басылымға айналғанына жұртшылық куә.

– «Заң газетінің» бүгінгі ахуалы қандай?

– Әрине, қазір қағаз басылымдарға сұраныс аз. Бүгінде ақпарат таратудың неғұрлым жедел, барынша ыңғайлы түрлері қолданысқа еніп жатыр. Тіпті газет-журнал тұрмақ, ақпараттық порталдар әлеуметтік желінің жылдамдығына ілесе алмай отырғаны шындық. Бірақ солай екен деп «Заң газетінің» беделі түсіп, оқылымы азайып қалған жоқ. Заң, құқық тақырыбындағы терең сараптама, мықты талдауларды халық біздің басылымдардан



Фото: Заң газетінің архивінен

тартты. Заң, құқықтық мәселелерді бүге-шігесіне дейін талқылап, халықтың қабылдауына сай етіп ұсынған қос басылым ә дегеннен оқырман іздеп жүріп оқитын, тиынын сақтап жазылатын газеттерге айналды. Соның нәтижесінде алғашқы жылдары-ақ

Егемендіктің елең-алаңында қаншама газет-журнал шықты. Сол тұста құқықтық саланың жаршысы саналатын «Заң газеті» бәсекелестікке шыдай ма, таралым жинай ала ма деген күдіктің көп көкейінде тұрғаны рас. Алайда газет отыз жыл бойы үздіксіз жарыққа

іздеп жүріп оқиды. Оқырманмен байланысымыз да үзілген емес. Әлі күнге дейін арыз-шағымдарын арқалап, көмек сұрап келетін азаматтар еліміздің түкпір-түкпірінен хабарласады. Осындай арыз-шағымдар бойынша зерттеу жасап, мақала жазғандықтан,



әр мәселенің заңдық, құқықтық қырын ашуға дағдыланды, оқырман хаттарымен жұмыс істеуге, журналистік зерттеу жасап, арыз-шағымдардағы ақ пен қараны тексеруге төселді.

– Оқырмандар қандай мәселелер бойынша жиі хабарласып, көмек сұрайды?

– Құқық, сот саласымен етене жұмыс істейтіндіктен, газетте «Білген жөн», «Сұраңыз, жауап береміз», «Тұтынушы құқығы» деген айдарлар тұрақты жүргізіледі. Осы айдарлар арқылы азаматтардың сотқа арыз жазу, істердің қаралу тәртібі, өз құқығын қорғаудың механизмдері, кодекстердегі жаңашылдықтар бойынша қойған сауалдарына білікті мамандар жауап беріп, жол

журналистеріміз де заңды бес саусақтай біліп, құқықтық тақырыпта еркін, сауатты жазуға дағдыланған. Міне, «Заң газетін» құқық саласында жазатын журналистердің ұстаханасы дейтіні де осыдан болса керек.

– Салалық журналистика дамытудағы «Заң газетінің» үлесі қандай?

– «Заң газеті» – салалық басылымдардың көшбасшысы саналады. Бізде ішкі істер құрылымының «Сақшы» газетінен басқа құқық, заң тақырыбын індете жазып, жан-жақты қаузаған басылым жоқ. Криминалға байланысты жаңалықтарды, күштік құрылымдарға қатысты шулы істерді ақпарат құралдары өзінің қаралымын көбейтіп, оқырман санын арттыру мақсатында көпшілікке ұсынатыны болмаса, бұл тақырыпты тұрақты бақылап, үнемі жазып отырмайды. Ал «Заң газеті» Парламенттегі заңды дайындау, талқылау ісінен бастап, Президент қол қойып, Әділет министрлігінде тіркелгенге дейінгі барлық жұмыстарды, талқылауларды сараптап, оқырманға дайын күйінде

«ЗАҢ ГАЗЕТІНІҢ» О ҚЫРМАНЫ АЗАЙҒАН ЖОҚ

ұсынады. Полиция, прокуратура, адвокатура, әділет, сот, қылмыстық атқару жүйесі, төтенше жағдай қызметтерінің күнделікті тыныс-тіршілігі, құқықтық шаралары да біздің газет арқылы көпшілікке жол тартады. Осы салада сауатты жазып, салиқалы ой қозғап жүрген журналистердің көпшілігінің «Заң газетінде» тәжірибеден өтіп, біліктілігін шыңдағанын мақтанышпен айтуға болады. Журналистер «Заң газетінде» жүріп құқықтық журналистиканың әліппесін үйренді, шеберлігін шыңдады. Жол көрсетіп, бағыт берген аға-апалардың арқасында

көрсетеді. Әсіресе, жер даулары, жерге байланысты алаяқтық қылмыстары соңғы жылдары өршіп кетті. Бір жер телімін бірнеше адамға сатып пайда тапқандардың қылмысын ашып, жылжымайтын мүлікті заңдастыруға байланысты «Заңдықтардың» атқарған жұмысы ерен. Ата қонысына аңсап келген талай қандасымыздың заң білмеуден зардап шеккенде қолдау күткен бірден-бірі орны да «Заң газеті» болғанын мақтанышпен айта аламыз. Жер телімдерін заңдастыру, жердің қолданылу мақсатын өзгерту, даулы жерлерге қатысты арыз-шағымдарды зерделеу арқылы

Біздің журналистер заңнамалармен жан-жақты танысып, меншік құқығына қатысты қаулыларды терең меңгеріп, құжаттандырумен айналысатын құрылымдардың жұмысына қанықты. Соның арқасында азаматтардың арызын тыңдап отырып, шикіліктің қай тұстан кеткенін бірден байқап, редакция қабырғасынан шықпай-ақ сауатты жол көрсетудің маманына айналды. Біліктілік пен көпшілік мойындауының тынымсыз еңбек, мол ізденіс, толайым тәжірибемен келетінінің дәлелі осы болса керек.

Ең бастысы, қаншама адамның мәселесінің оң шешілуіне көмектескен әріптестеріміз ешкімге еңбегін бұлдаған жоқ, жұмысын ешқашан міндетсінбеген екен.

Содан болар, журналистерге алғысын білдірген, ризашылығын жолдаған жылы лебіздер өте көп. Бұл әдемі үрдіс жылдар бойы үздіксіз жалғасып келеді.

– Отыз жылдық тарихы бар газеттің алдағы жоспарлары қандай?

– Газетте бүгінгі күнге дейін талай буын алмасты. Кешегі ағалардың жолын қазір жастар жалғауда. Бірақ құқықтық басылымды шығаруда әу баста қойылған мақсат, белгіленген меже өзгермеді. Айдарлардың атауы ауысып, тақырыптарды барынша түрлендіріп оқырманға ұсынғанмен, газет редакциясының көздегені бір – халыққа адал, риясыз қызмет ету, азаматтардың құқықтық сауатын көтеру. Басылымға жетекшілік еткен редакторлардың қай-қайсысы да оқырманға адал қызмет жасап, газеттің бет-бейнесін көркемдік жақтан да, мазмұндық тұрғыдан да түрлендіруге, жаңғыртуға күш салғанымен, «Заң газетінің» ең басты миссиясы сол қалпы қала береді. Оның негізгі ұстыны халыққа заңдық, құқықтық көмек берумен, сауатын арттырумен өзектес.

Осындай іргелі істердің басы-қасында болып, «Заң газетіне» әр жылдары жетекшілік еткен Кәдірбек Құныпияұлынан, Бекжан

Әшірбаевтан үйренгеніміз аз болмады. Журналистикадағы алғашқы ұстазым болған екі редактордың да мен үшін орны ерекше. Бүгінде өзіндік мектебін қалыптастырып, қазақ баспасөзінің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген Кәдірбек Құныпияұлы да, Бекжан Әшірбаев та әр іске жауаптылықпен қараудың, озық идеяны, ізденіспен жанкешті еңбекті әділ бағалаудың үлгісін көрсетті. Білікті басшылардың арқасында ұжымда әріптестік байланыспен бірге, шынайы достық, жанашырлық атмосфера қалыптасты. Мақсатқа жетуде редакция қызметкерлерінің мүдделес, пікірлес болуының қаншалықты маңызды екенін түсіндіру артық. Біздің ұжымның



жетістіктерінің сыры мен құпиясы да осында.

Әрине, отыз жылдық тарихта жүректі елжіретер, көңілді қобалжытар естеліктер аз емес. Әр жаңа айдарды талқылаудағы талас, әр тақырыпты қоюдағы қызу талқы әлі күнге көз алдымызда. Корпорацияның шығармашылық байқауларда жеткен жетістіктерінен бөлек, спорттағы жүлделері де баршылық. Сондай қуанышты, жүрек толқытар сәттерде жанымызда болып, бірге жанкүйер болған біраз әріптесіміз бүгінде арамызда жоқ. Ұлтқа қатысты мәселеде үнсіз қалмайтын Аманхан

Әлім, корпорацияның жұмысын талай уақыт тамаша үйлестіріп келген Шарафаддин Әмір, саладағы түйткілдерді тарқатуда тыным таппайтын Нұрлыбай Омаров, жедел ақпараттың жаршысына айналған Тыныс Балтабекқызы, сөзден сурет салатын Сәкен Орынбасарұлы, ағалық ақылын аямайтын Тұрар Әсетұлы, «Заңның» анасы атанған Күлтай Әділбекқызы секілді әріптестеріміздің бейнесі әлі жадымызда жаңғырып тұр. Корпорацияның дамуына өлшеусіз үлес қосқан әріптестеріміздің еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Міне, осындай айтулы азаматтардың қолтаңбасы қалған «Заң» медиа-корпорациясының жылдар бойы қалыптасқан беделіне

нұқсан келтірмей, әріптестеріміз салған сара жолды абыроймен жалғай алсақ, біздің ұтқанымыз.

Бүгінгідей ақпараттың жеделдігі артқан уақытта төл басылымымызға деген қажеттілік кемімесе екен, таралымы азаймаса екен деп тілеймін. Талай журналистің шеберлігін шыңдап, қабілетін арттырған басылымның ғұмыры ұзақ, мазмұны бай, сапасы оқырманның талабына сай болуы үшін білім-білігімізді жұмсауға әрқашан әзірміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ

**ЭЛФИЯ ҒАЛИЖАНҚЫЗЫ
БЕКЧЕНТАЕВА ӨЗ КӘСІБІН
АШҚАНҒА ДЕЙІН БЕС ЖЫЛ
БОЙЫ СУПЕРМАРКЕТТЕ
ЕТ БӨЛІМІНДЕ ЖҰМЫС
ІСТЕПТІ. КЕЙІН ЖАЛДАМАЛЫ
ЖҰМЫСТАН ЖАЛЫҒЫП, ЕТ
НАРЫҒЫН ЗЕРТТЕЙ БАСТАЙДЫ.**

«Күндердің күнінде біреудің емес, өзімнің кассамдағы ақшаны санағым келетінін түсіндім. Ет өнімдерінің толық ассортименти бар өз дүкенімді ашуды армандап, тұтынушы мен нарықты ұзақ зерттедім. Супермаркеттің ет бөлімінде жұмыс істеп жүргенімде



«КҮНДЕРДІҢ КҮНІНДЕ ӨЗ САНАҒЫМ КЕЛЕТІНІН

ет сүрлеуді, тұздауды, кәуап маринадтауды, шошқа майын баптауды, тұтынушылармен әңгімелесу тәсілдерін – бәрін-бәрін үйреніп алдым», - дейді кәсіпкер әйел.

2021 жылдан бері өз дүкенінде ет өнімдерін сатумен айналысатын Әлфия Бекчентаева «Қарызсыз қоғам» жобасы туралы әлеуметтік желі арқылы біліпті.

Оқу оқығанға дейін оның орташа айлық табысы 300 мың теңгенің ар жақ-бер жағы ғана болған екен. Үнемі ізденіс үстінде жүрсе де, сатып алушыларды қызықтыру үшін түрлі ет өнімдерін жасауды қолға алса да, тасы өрге бір домаламай-ақ қойыпты.

Мәселен, бұған дейін ол дүкен ашу үшін жалға алған ғимараттың төлемақысын, ай сайынғы

шығындарын жаба алмай қаламын ба деп жиі алаңдайтын. Тауар жеткізіп берушілермен де есеп айырысу бір мұң еді. Сол үшін ол кәсіпкерге қажетті білімді әр жерден іздеп, оқудан еш жалыққан емес. Ал «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқи бастағанда, өзіне керегін бірден тапқанын айтады. Осының арқасында ол кәсібіндегі қиындықтардың көбі нақты талдаудың жоқтығынан екенін түсінген. Кәсіпкер әйел осы жоба арқылы өзін ұзақ жылдар бойы толғандырған сұрақтарға жауап тауып, бизнес жүргізудің қыр-сырын үйренді.

Табысты арттыру, ақшаны үнемдеу, кәсіпті кеңейту, өз дүкенін ашу жолдары туралы сұрақтарға дайын жауап көкейінде бірден сайрап сала берді. Кейін ол өзі

құрған бизнес-жоспарын сәтті қорғап, теория жүзінде алған білімін іс жүзінде көрсете білді.

«Мен екі рет қаржы сарапшысының жеке консультациясын алдым. Содан кейін бизнестен түскен пайданың 20 пайызын айына екі рет депозитке салып отырамын деп шештім. Соның нәтижесінде кәсібім өрге қарай жүзе бастады. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары туралы білдім. Кейін 5 миллион теңгелік грант алу үшін конкурсқа қатысуға шешім қабылдадым. Сарапшымен бірлесіп, бизнес-жоспар да құрдық. «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқуды мамыр айында оқығаныммен, әлі күнге дейін сарапшылармен байланыстамын. Олар өз тыңдаушыларына бір жыл бойы қолдау көрсетеді. Сол үшін

алысым шексіз», - дейді кәсіпкер келіншек.

Арнайы оқуды аяқтаған соң Әлфия Ғалижанқызы өз кәсібінің күн сайынғы кірісі мен шығысын есептеуді қолға алғанын айтады. Оған, әсіресе, ақшаны ақылмен жұмсау, күн сайынғы сатып алуларды талдау тақырыбы ұнапты. Көптеген шығындар мағынасыз, тіпті зиянды екенін ұғыныпты. Алдына мақсат қойып, соған жету жолдарын ай сайынғы жоспарына енгізуге де мән берген. Бұған қоса, ол оқудан соң қарымы кеңейіп, тереңірек ойлау қабілеті ашылғанын айтады.

Сонымен қатар бизнесіне түрлі талдаулар жасап, күшті және

жеткізе білді. Бүгінде ол «Күміс жас» бағдарламасы бойынша қызметкерлерді жұмысқа қабылдап, еңбекақыдан үнемдеу арқылы өз ісін одан әрі дамыта түсті.

Жалпы курсты жүргізетін оқытушы-жаттықтырушы Дмитрий Шледевицтің айтуынша, биыл «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша 3800 солтүстікқазақстандық қаржылық сауатын арттырған. Жыл соңына дейін тағы 2 000 адам оқу курсына қатысып, заңгерлік және тәжірибелік ақы-кеңес алады деп жоспарланып отыр.

Аталған жоба аясында несие бойынша берешегі бар және борышкерлер тізімінде тұрған

жеңілдікпен несие алуға үміткер кәсіпкерлер қаржылық сауатын арттыра алады. Сонымен қатар отбасы бюджетін жүргізу, шығындарды басқару, тиімді шарттармен несие алу, алаяқтардан қорғану жолдары үйретіледі. Бұған қоса қаржы сарапшылары тыңдаушыларға өз кәсібін ашу үшін бизнес-жоспар жасауға көмектеседі, жеке ақыл-кеңес береді.

Бұл жобаның қолға алуға тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыруға жәрдемдесу қажеттілігі түрткі болды. Қоғамда қалыптасқан жағдайды талдау көрсеткендей,

КАССАМДАҒЫ АҚШАНЫ ТҮСІНДІМ»



әлсіз тұстарын, тәуекелдерін анықтап, нәтижесінде бүгінгі күні табысын екі есе арттыруға қол

ауыл тұрғындары, қарызы бар және оны төлеу мерзімін өткізіп алған азаматтар, мемлекеттен

бүгінде шамамен 1,5 миллион қазақстандық банкротқа ұшыраудың алдында тұр, 6 миллионнан астам адам өз несие қарыздарын уақтылы төлемейді. Сондықтан азаматтарды қолдау мәселесі мемлекеттің де, «AMANAT» партиясының да маңызды міндеті болып табылады. Оқуды офлайн-форматта біліктілігі жоғары қаржы сарапшылары 5 күн бойы жүргізеді. Бір топқа 30-50 адам қабылданады. Бұл өз кезегінде қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатына оң әсер етпек.

Роза ШӘКЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы

**ЕЛІМІЗДЕ ҮКІМЕТ
ҚАУЛЫСЫМЕН
23 СӘУІР – «ҰЛТТЫҚ
КІТАП КҮНІ»
МЕРЕКЕСІ БЕКІТІЛДІ.
БҰЛ МЕРЕКЕЛІК
ДАТА МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫНЫҢ
ҚОҒАМДА
ЖОҒАРЫ КІТАП
ОҚУ МӘДЕНИЕТІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ
МАҚСАТЫНДА
ҮШІНШІ ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ НЕГІЗГІ
ОТЫРЫСЫНДА БЕРГЕН
ТАПСЫРМАСЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ ПАЙДА
БОЛДЫ.**

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ОСЫ «ҰЛТТЫҚ КІТАП
КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ
ОРАЙ «ҰЛТТЫҚ
КІТАП» БАЙҚАУЫН
ЖАРИЯЛАДЫ.**

Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, байқаудың негізгі мақсаты – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, үздік авторларды анықтап, қазақ әдебиетінің, руханиятының дамуына ықпал ету. Сондай-ақ аудармашыларды, баспагерлер мен кітап дизайнерлерін қолдау және ынталандыру.

Байқауға жұмыстар 2025 жылғы 15 қаңтар – 1 сәуір аралығында, кейінгі екі жылда жарық көрген туындылар қабылданады.

Қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін түскен жұмыстар тіркелмейді.

Байқау келесі 10 номинация бойынша өтеді:

- 📖 Балаларға арналған үздік кітап;
- 📖 Үздік комикс;
- 📖 Нон фикшн бағытындағы үздік кітап;



«ҰЛТТЫҚ КІТАП»:

ЖАЗАЙЫҚ!

ҚАТЫСАЙЫҚ!

ОҚИЫҚ!

- 📖 Детектив жанрындағы үздік кітап;
- 📖 Сатира жанрындағы үздік кітап;
- 📖 Үздік иллюстрациялық кітап;
- 📖 Үздік аударма кітабы;
- 📖 Фантастика жанрындағы үздік кітап;
- 📖 Үздік баспа;
- 📖 «Жыл кітабы» Гран-при сыйлығы.

Байқауға қатысатын жұмыстардың көркемдік деңгейі, тіл тазалығы, сөздік қоры, өзіндік стильдің болуы, тақырып өзектілігі, мазмұн тереңдігі, тарихи әділдігі, өндірістік сапаның жоғары болуы, дизайнерлік жұмыстың жоғары болуы сияқты критерийлерге сәйкес келуі керек.

Байқауға өтінім беру туралы толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: **+7 775 897 7788**

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)